



Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін бекіту туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1722/39 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 5900 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 68 бабының 3), 9), 11) тармақшаларына, "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген) сәйкес, Шахтинск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесі 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Шахтинск қалалық мәслихатының хатшысы

А. Есмаганбетов

Ж. Мамерханова

Шахтинск қалалық
мәслихатының
2020 жылғы 19 маусымы
№ 1722/39
шешіміне 1 қосымша

Тұрғын үй сертификатының мөлшері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2022 № 202/20 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1500000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Шахтинск қалалық
мәслихатының
2020 жылғы 19 маусымы
№ 1722/39
шешіміне 2 қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2022 № 202/20 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Атауы
1	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері.
2	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар.
3	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.
4	Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 "Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту туралы" бұйрығы
5	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады.
6	Қандастар.
7	Толық емес отбасылар жатады.